SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады ● *www.sarkan-gazeta.kz* ● e-mail: *Igiman01@mail.ru* ● *№27 (95185) 17 шілде 2026 ж.*

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының биылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есепті тыңдап, экономиканы одан әрі әртараптандыру жоспарымен таныстыр.

Премьер-министр бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім көлемі 4,1 пайызға өскенін баяндады.

Экономика құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 9,8 пайызға, көлік саласы – 7,1 пайызға, құрылыс 15,2 пайызға артты.

Сондай-ақ сауда-саттықта – 5,7 пайыз, ауыл шаруашылығында – 4,4 пайыз және байланыс қызметінде 4,3 пайыз өсім тіркелді.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 9,5 триллион теңгені құрады, соның ішінде жеке инвестиция 21,4 пайызға ұлғайды.

Олжас Бектенов ұлттық экономика құрылымын нығайту жөнінде есеп берді.

Биыл өңдеу секторында 1,7 триллион теңгеге 200 инвестициялық жоба іске қосылып, 17 мың жұмыс орны ашылады.

Үкімет басшысы ірі автожол жобаларының жүзеге асырылу барысы, Астана қаласындағы екінші әуежайдың құрылысын және Tarlan Astana көлік жүйесінің келесі кезеңін жоспарлау туралы айтты.

Пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 20 миллион шаршы метрге жетпек.

Ауыл шаруашылығындағы өндіріс көрсеткіші 15 триллион теңгені құрап, егістік алқаптары 23,8 миллион гектарға дейін ұлғайды.

Шаруаларды қолдауға 1 триллион теңге бөлінді. Бұл ретте бюджеттің әр теңгесі 6,5 теңге жеке инвестиция тартуға септігін тигізді.

Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспардың іске асырылуы және инфляцияны төмендету шаралары туралы ақпарат берілді. Маусым айында жылдық инфляция деңгейі 10,3 пайызды құрады.

Президентке әлеуметтік және көшіқон саясатын жетілдіру нәтижелері туралы баяндалды, сондай-ақ жұмысқа орналасуға ынталандыру арқылы әлеуметтік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру тәсілдері таныстырылды.

Кейбір әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру нәтижесінде жылына 800 миллиард теңгеден аса қаржы үнемделеді.

Қазақстан Президенті Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнимен кездесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәниге және оның әулетіне Әмір-Әке шейх Хамад бен Халифа Әл Тәнидің дүниеден озуына байланысты көңіл айту үшін Дохаға барды.

Президент қуатты әрі өркендеген Қатар Мемлекетін құруға шейх Хамадтың елеулі үлес қосқанын атап өтті.

– Ол көрнекті мемлекет қайраткері әрі қазақ халқының досы еді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазақ-қатар қарым-қатынасының қалыптасып, табысты дамуына шейх Хамад бен Халифа Әл Тәни зор еңбек сіңірді. Ол Қазақстанға екі рет ресми сапармен келді. Әмірді 1999 жылы сәуірдегі бірінші сапары кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы саясат ведомствосының басшысы қызметінде қарсы алған.

Мемлекет басшысы шейх Хамадтың қолдауымен Астанада алғашқы еңселі әл-Фараби мешіті бой көтергенін, сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асқанын ризашылықпен еске алды.

– Осындай қаралы сәтте Алла Тағаладан марқұмның жаны жәннатта болуын сұрап, дұға етеміз, – деді Қазақстан Президенті.

Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни арнайы қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, бұл Қатар мен Қазақстан халықтарының бауырластық байланыстарының айрықша сипатын көрсететіне назар аударды.

Қатар тарапының бастамасымен мемлекеттер басшылары қазіргі халықаралық ахуал, соның ішінде Таяу Шығыстағы жағдай туралы пікір алмасты.

Президент Қатар Әмірін өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақыратынын растады. Шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни шақыруды ықыласпен қабыл алды.

Жетісуда балалар қауіпсіздігін қадағалау мен олардың құқығын қорғау күшейтілуде

Жетісуда облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетовтің төрағалығымен кеңейтілген кеңес өтіп, онда өскелең ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кеңеске құқық қорғау органдарының, прокуратураның, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларының басшылары, сондай-ақ өңірдегі барлық қала, аудан әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Жиында айтылғандай, өңірде жуырда Балалардың құқықтарын қорғау

басқармасы құрылған. Басқарманың негізгі міндеті – түрлі мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестірумен ғана шектелмей, мемлекеттік саясатты жергілікті жерде тиімді іске асырып, әр бала үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру.

Кеңес жұмысына бейнебайланыс арқылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Юлия Овечкина қатысты. Ол заңнамаға енгізілген жаңа өзгерістер мен еліміздің барлық өңірінде міндетті түрде жүзеге асырылуы тиіс басым бағыттарға тоқталды.

Бұл ретте мектептердегі психологиялық қолдау жүйесін реформалау туралы кеңінен баяндады. Бұл бастама мамандардың еңбек жағдайын жүйелі түрде жақсартуға және олардың кәсіби ынтасын арттыруға бағытталған. Юлия Овечкинаның айтуынша, 2027 жылғы 1 қыркүйектен бастап әрбір педагог-психологтың мектепте өзіне бекітілген жұмыс сағаттары болады және олардың жалақысы ұлғайтылады. Сондай-ақ осы бастама аясында психолог 5-8-сынып оқушыларына ай сайын бір профильдік сабақтан өтеді. Ал жоғары сынып оқушылары үшін айына екі сағаттық психологиялық қолдау қарастырылған. Бұл жасөспірімдерге неғұрлым жан-жақты әрі мақсатты көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Өңірлік басқару мәселелеріне тоқталған Юлия Овечкина облыста Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының құрылуы барлық жауапты мемлекеттік органдарға үлкен жауапкершілік жүктейтінін атап өтті. Оның айтуынша, балалардың құқықтарының бұзылуына қатысты барлық мәселелер жедел түрде қаралуы және тиісті шара қабылдау үшін осы басқармаға жолдануы тиіс.

– Жаңа талаптарға сәйкес әрбір әкім мен әлеуметтік мәселелерге жетекшілік ететін әкімнің орынбасары тәуекел тобындағы балалардың тізімін жеке бақылауында ұстауға міндетті. Бұл жұмыс барынша жауапкершілікпен атқарылуы тиіс және формальды көзқарасқа жол берілмейді. Сонымен қатар қорғаншылық және қамқоршылық органдары жаңа құрылған Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының қарауына беріледі. Олардың өкілеттігі кеңейтіліп, әрбір балаға жеке әрі нақты қолдау көрсетуге мүмкіндік жасалады, – деді Юлия Овечкина.

Маңызды талаптардың бірі – балаларды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алған отбасыларға тұрақты түрде аудит жүргізу. Мамандар мұндай отбасылардың үйлеріне жылына кемінде екі рет барып, жағдайын бақылауы тиіс.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша осы жылдың басында бекітілген «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы негізгі стратегиялық бағыттардың бірі болып қала береді. Бұл құжат – кешенді жол картасы. Онда жоспарланған 158 іс-шараның шамамен 70-і жергілікті атқарушы органдардың міндетіне тікелей жүктелген. Аталған бағыттар балалардың базалық физикалық қауіпсіздігі мен білім алуынан бастап, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау шараларына дейінгі барлық маңызды салаларды қамтиды.

Кеңес қорытындысы бойынша Жетісу облысында балаларды қорғау жүйесін реформалау жөнінде нақты ұсыныстар мақұлданды. Жауапты мемлекеттік органдарға қысқа мерзім ішінде бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеп, оның әр тармағының орындалуын бақылауға алу тапсырылды. Себебі балалардың қауіпсіз өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болып қала береді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Суретті түсірген: Ж.МҰСАБЕКОВ.

●Жетісу облысына – 4 жыл

Республикалық жолдар 100% жөнделді, 38 елді мекенде және облыстық маңызы бар 150 км жолда жөндеу жүргізілуде

Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірдегі республикалық маңызы бар автомобиль жолдары 100% жөндеуден өтті. Сонымен қатар қазіргі уақытта облыстық маңызы бар 150 шақырым жолға және облыстың 38 елді мекеніндегі 230 шақырым көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Көлік инфрақұрылымын жаңғырту аясында жалпы ұзындығы 30 шақырымды құрайтын «Жансүгіров – Ақсу» облыстық маңызы бар автомобиль жолында орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда. Аталған жол учаскесіне соңғы 30 жыл бойы күрделі жөндеу, құрылыс немесе қайта жаңғырту жұмыстары мүлде жүргізілмеген.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, бұл жолдағы орташа жөндеу жұмыстары 2024 жылы басталған. Жобаны жүзеге асыруға қажетті қаражат облыстық бюджеттен бөлінді.

– Ең алдымен су бұру мәселесі шешілді. Жоспарланған 13 су өткізу құбырының барлығы бүгінгі күнге дейін толық орнатылып, пайдалануға дайын. Қазіргі уақытта жолға асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде трассаның 11 шақырымына толықтай асфальт төселді. Бұл учаскеде жол жиегін нығайту жұмыстары атқарылып жатыр. Одан кейін мамандар жаңа жол белгілерін орнатып, жол таңбаларын сызуға кіріседі. Қалған 20 шақырым жолды биылғы жылдың қазан айының соңына дейін толық асфальттау жоспарланған. Ал қараша айында нысан барлық қажетті инфрақұрылымымен бірге пайдалануға беріледі. Сонымен қатар биыл «Ақсу – Қаракөз» автомобиль жолына жөндеу жұмыстары басталды. Сондай-ақ Ақсу ауылынан Ойтоған ауылына дейінгі 20 шақырым жолға да жөндеу жүргізілуде. Бұл нысандар келесі жылы пайдалануға беріледі. Жалпы, биыл Ақсу ауданында шамамен 40 шақырым жол учаскесі жөндеумен қамтылды, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Айдос Досжанов.

Атап өтсек, «Жансүгіров – Ақсу» облыстық маңызы бар автомобиль жолын жаңарту – өңірдің көлік инфрақұрылымын жүйелі түрде дамыту жұмыстарының бір бөлігі ғана.

Соңғы жылдары өңірдегі республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 100 пайызы толық жөнделіп, жаңғыртылды. Атап айтқанда, «Талдықорған – Үшарал – Достық» және «Сарыөзек – Қорғас» бағыттарындағы жолдар жаңартылды.

«Алматы – Талдықорған» автожолының ұзындығы 21 шақырым болатын учаскесінде күрделі жөндеу жүргізілуде. Жоба биылғы жылдың соңына дейін толық аяқталады.

Алматы облысының шекарасынан Талдықорған қаласына дейінгі, оның ішінде қаланың айналма жолын қамтитын 158 шақырым автожол 2027 жылдың соңына дейін толық қайта жаңғыртылады.

Ал ұзындығы 40 шақырым болатын «Талдықорған – Үштөбе» автожолының учаскесінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар биылғы қыркүйек айында аяқталады.

Осылайша, биылғы жылдың қорытындысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 96 пайызға жетіп, бұл көрсеткіш елдегі ең жоғары деңгейлердің бірі болмақ.

Суретті түсірген: Жұмабай Мұсабеков, сол сияқты фотосурет облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды (фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев).

Жетісуда 43 инвестициялық жоба іске асырылуда

Жетісу облысында 2026 жылғы 6 айдың қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 103,7%-ды құрады. Экономикалық өсімде негізгі үлес өнеркәсіп, көлік және қоймалау, байланыс қызметтері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы салаларына тиесілі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметіне қарағанда, бұл динамика 2025 жылы аяқталған республикалық ірі инфрақұрылымдық жобалардың, яғни «Достық-Мойынты» теміржолының, «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбыры мен Достық өткізу пунктінің құрылысы, сондай-ақ «Талдықорған-Үшарал» және «Сарыөзек-Қорғас» жолдарын жөндеу жұмыстарының аяқталуы әсерінен, яғни жоғары базаның арқасында қалыптасты. Нақтыланған жоспарға сәйкес жыл соңына дейін бұл индикаторларды орындауға толық мүмкіндік бар.

Бүгінде облыста жалпы сомасы 129 млрд теңгеге 43 инвестициялық жоба іске асырылуда. Олардың ішінде ірілерін атап өтсек, Ақсу, Көксу қант зауыттарын жаңғыртудың нәтижесінде олардың өндірістік қуатты жылына 950 мың тоннаға дейін ұлғайтылады, қуаты жылына 20 мың тонна арматура өндіретін «Steelers» зауыты және кофе-шай сусындарын шығаратын MacCoffee зауыттары іске қосылады.

Жыл соңына дейін Көксу және Қора өзеніндегі бірқатар су электр станциялары, «Қойлық» ГЭС-і және Талдықорған, Текелі қалаларында жалпы қуаты 137 МВт / 118 Гкал/сағ болатын газтурбиналық станциялар кезең-кезеңімен іске қосылады.

Бұдан бөлек, «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын қоса алғанда, ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылады. Күзде қуаты 49 Гкал/сағ қазандықтың және Талдықорған қаласының оңтүстік-батыс тұрғын үй ауданындағы жылу желілерінің құрылысы аяқталады. Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының 84 елді мекенінде газ тарату желілерін тарту жұмыстары басталады. Бұдан басқа, «Алтынкөл – Жетіген» темір жол учаскесін және «Алматы – Талдықорған» автомобиль жолын қайта жаңарту жұмыстары аяқталады.

Туризмді дамыту мақсатында Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауында инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар кешені іске асырылуда, оның ішінде жағалауды нығайту бөгеттері мен кәріз тазарту қондырғыларының (КОС) құрылысы бар.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды (фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев).

ҰЙЫМШЫЛДЫҚ ПЕН БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІН КӨРСЕТУДЕ

Сарқандық жастар қоғамдық өмірде ұйымшылдық пен белсенділіктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Олар түрлі мәдени, әлеуметтік, экологиялық және патриоттық іс-шараларға тұрақты түрде қатысып, өңірдің дамуына өз үлестерін қосуда. Әрбір бастамаға жауапкершілікпен қарап, ортақ іске жұмыла кірісетін жастардың ынтымағы мен бірлігі көпшілікке үлгі боларлық.

Жастардың белсенділігі әсіресе қоғамдық маңызы бар акциялар мен қайырымдылық шараларында айқын көрінеді. Олар тазалық акцияларына қатысып, қоршаған ортаны қорғауға атсалысады, сондай-ақ түрлі танымдық кездесулер мен спорттық жарыстарда да жоғары белсенділік танытуда.

Жуырда "Sarqan jastary" филиалы" Сарқан ауданы "Мейірімді Жетісу" фронт офисі, Жоңғар Алатауы ұлттық табиғи паркі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өткен «Taza Alem» экологиялық акциясы аясында Сарқан өзенінің жағалауын тазалау жұмыстары жүргізілді. Акцияға еріктілер мен «Жасыл Ел» еңбек жасақшылары белсенді қатысып, өзен жағалауын тұрмыстық қалдықтардан тазартуға өз үлестерін қосты. Табиғатқа деген жанашырлық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеткен жастар туған жердің тазалығы үшін аянбай еңбек етті.

Бірлескен еңбектің арқасында жағалау аумағы тазартылып, қоршаған ортаны қорғауға нақты үлес қосылды, жастар арасында экологиялық мәдениет пен жауапкершілік дәріптелді.

Сондай-ақ «Sarqan jastary» филиалының ұйымдастыруымен өткен тағы бір шара «Taza Alem» экологиялық акциясы аясында еріктілер мен белсенді жастар қала көшелері мен қоғамдық орындарды тазалау жұмыстарына белсене қатысты. Акцияның басты мақсаты – қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және туған өлкенің тазалығына әр азаматтың үлес қосуына үндеу болды.

Тазалық жұмыстары барысында қатысушылар қоқыстарды жинап, табиғатты аялаудың маңыздылығын насихаттады. Осындай игі бастамалар арқылы жастар табиғатқа жанашырлық танытып, қоғамға үлгі болуда.

Сонымен қатар "Sarqan jastary" филиалы, еріктілер және "Жасыл ел" еңбек жасақшыларының ұйымдастыруымен өткен «Қарттарым – асыл қазынам» қайырымдылық акциясы аясында қарттарымызға құрмет көрсетіліп, мейірім мен ізгілікке толы кездесулер ұйымдастырылды.

Бір ауыз жылы сөз, шынайы ықылас пен қамқорлық – үлкен жүректерге қуаныш сыйлайды. Қоғамның асыл қазынасы саналатын қарияларымызға деген құрметіміз әрдайым биік болсын!

Өз кезегінде мұндай шаралар жастардың азаматтық ұстанымын нығайтып, ел болашағына деген жауапкершілігін арттырады.

Сарқандық жастардың ұйымшылдығы мен белсенділігі – ауданның қоғамдық дамуына серпін беретін маңызды күш. Олар кез келген іс-шарада бастамашылдық танытып, бірлік пен ынтымақтың арқасында ауқымды жұмыстардың жүзеге асуына ықпал етіп келеді. Осындай жалынды жастардың арқасында қоғамда оң өзгерістер орын алып, жарқын болашаққа деген сенім нығая түсуде.

Өз тілшіміз.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қазақстандықтар денсаулықты қорғауға қатысты жаңа құқық туралы нені білуі керек

Жаңа Конституция күшіне енгеннен кейін денсаулықты қорғау құқығы конституциялық кепілдікке айналды. 2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанның жаңа Конституциясында әрбір азаматтың денсаулығын қорғауға құқығы бекітілді. Бұл іс жүзінде нені білдіреді? Денсаулықты қорғауға конституциялық құқық тек емделуді ғана емес, сонымен қатар аурулардың алдын алуды да қамтиды.

Жыл сайын Сарқан аудандық орталық ауруханасында халықтың тиісті жас топтары үшін жатыр мойны обырын, сүт безі обырын және колоректалдық обырды ерте анықтауға арналған скринингтік тексерулер тегін жүргізіледі. Сонымен қатар, артериялық гипертонияны, қант диабетін, липид алмасуының бұзылыстарын және жүрек-қан тамырлары ауруларының басқа да қауіп факторларын ерте анықтауға бағытталған профилактикалық тексерулерге ерекше көңіл бөлінеді.

0-ден 17 жасқа дейінгі балалар жыл сайын профилактикалық медициналық тексеруден өтеді. Созылмалы аурулары бар пациенттердің диспансерлік бақылауда болуға құқығы бар, ал вакцинация Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі.

Көптеген қазақстандықтар бүгінгі күнге дейін өздеріне берілген барлық құқықтарды толық білмейді.

Барлық пациенттер өздерінің медициналық құжаттарымен танысуға, екінші медициналық қорытынды алуға, дәрігерден диагнозы мен емі туралы сұрақтар қоюға, сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда медициналық араласуға саналы түрде келісім беруге немесе одан бас тартуға құқылы екенін біле бермейді.

Дәрігерлер ауру белгілерінің пайда болуын күтпей, профилактикалық тексерулерден тұрақты түрде өтуге кеңес береді.

Егер сіз 40 жасқа толған болсаңыз, өзіңіз тіркелген емханадан сізге қандай профилактикалық тексерулер мен скринингтер жүргізілетінін нақтылаған жөн. Қант диабеті, артериялық гипертония және кейбір онкологиялық аурулар сияқты көптеген сырқаттар ерте кезеңдерінде ешқандай белгілерсіз өтуі мүмкін.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда профилактикаға барған сайын жекелендірілген сипатқа ие болып келеді және ол адамның жасына, жынысына, тұқым қуалаушылығына, өмір салтына және бұрыннан бар ауруларына байланысты жүргізіледі.

Қорытындылай келе, Конституцияда бекітілген бұл құқық адамдар денсаулық сақтау жүйесі ұсынатын мүмкіндіктерді өздері белсенді пайдаланған жағдайда ғана толық жүзеге асады.

Бұрын адам денсаулығы сыр бергенде ғана денсаулық сақтау жүйесіне жүгінетін. Бүгінде денсаулық сақтау жүйесі адамның ауырмаған кезінде де оның денсаулығын сақтауға және қолдауға қызмет етуі тиіс. Денсаулықты қорғауға конституциялық құқықтың заманауи мәні де дәл осында.

Сарқан аудандық орталық аурухана.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ БАСТЫ ТЕМІРҚАЗЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Заң мен тәртіп – ел дамуындағы басты темірқазық» екенін халыққа жолдаған Жолдауында нақты атап өткен болатын.

Осыған орай аудандық кәсіпкерлік бөлімінің ұйымдастыруымен заңды құрметтеу, сондай-ақ тәртіп пен тұрақтылық құндылықтарының маңызын талқылау мақсатында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Кәсіпкерлік қызметті заң талаптарына сай жүргізу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Аталған іс-шараға жеке кәсіпкерлер қатысып, кәсіпкерлік қызметті заң талаптарына сай жүргізу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және бизнестегі ашықтық мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттері, салық заңнамасындағы талаптар, еңбек қатынастарын заң аясында рәсімдеу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қолдау шаралары туралы жан-жақты ақпарат берілді. Сонымен қатар, кәсіпкерлер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптар мен құқықтық кеңестер алды.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – заң талаптарын сақтау мәдениетін нығайту, кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты дамыту және құқықтық сауаттылықты арттыру. Іс-шара соңында қатысушылар заң үстемдігін қамтамасыз ету мен адал кәсіпкерлікті дамыту – ел экономикасының тұрақты дамуының маңызды кепілі екендігін атап өтті.

Өз тілшіміз.

Мемлекеттік қызметте жемқорлыққа жол жоқ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда және жолын кесуде шешуші рөл атқарады. Олар заң талаптарын сақтап қана қоймай, әріптестері арасындағы кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға міндетті. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің дамуына елеулі қауіп төндіреді, өйткені ол азаматтардың билік органдарына деген сеніміне нұқсан келтіреді және Мемлекеттік басқарудың тиімділігін төмендетеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметшілер өз міндеттерін адал және тек қана қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін орындауға тиіс. Жеке пайда алу үшін қызметтік өкілеттіктерді пайдалану, лауазымдық жағдайды теріс пайдалану және заңсыз басымдылыққа жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметшілердің маңызды міндеті анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау болып табылады. Егер қызметшіге пара алу, мемлекеттік ресурстарды заңсыз пайдалану немесе өзге де сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы белгілі болса,ол олардың жолын кесу үшін шаралар қабылдауға және уәкілетті органдарды хабардар етуге тиіс. Мемлекеттік қызмет жүйесі ішіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу заңдылықты нығайтуға, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға және азаматтардың мемлекетке деген сенімін қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай фактілерді айтпай қалу немесе жасыру қоғаммен мемлекетке зиян тигізеді.

Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлықты анықтау мен алдын алудағы белсенді ұстанымы Қазақстан Республикасында әділ, ашық және тиімді мемлекеттік басқаруды қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

К.АҚАН,
Сарқан аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы.

ҚАРАУСЫЗ МАЛ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ

Темір жолда малдың көп жүруі және малдың пойыздың астында қалуы, теміржол бойында бөгде адамдардың жүруі темір жол тасымалына қауіп төндіріп, жүк және жолаушылар пойызына кедергі келтіреді.

Соңғы уақытта жүк және жолаушылар пойыздардың темір жол жүйесіне қараусыз жүрген мал шығып кетуінің салдарынан шұғыл тежеу қолдану фактілері көп орын алуда. Соның салдарынан пойыздар қозғалысының кестесі бұзылып, жолаушылар қалаған жеріне уақытында жете алмайды, жүк пойызында тауарлар да мерзімінен кешігіп жетеді.

Елді мекен тұрғындарымен малды темір жолға жақын жерлерге жаймау туралы түсінік жұмыстары жүргізіліп те жатады. Нұсқаулыққа сай байланған мал темір жол бойынан 300 метр қашықтықта, ал бақташысымен бос жайылып жүрген мал 200 метрден жақын болмауы қажет. Тұрғындармен ай сайын темір жол ережесімен таныстыру жүргізіліп отырады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 408 бабы «ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу» бойынша үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатыны және де ҚР ӘҚБтК-нің 559 бабы 1 тармағы «темір жолдың бөлінген жолағында мал жаю қағидаларын бұзу» бойынша бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатынын және осы әкімшілік құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса оң айлық есептік мөлшерінде айыппұл салынатынын ескертеміз.

Қараусыз мал пойыз қозғалысына және жолаушылар өміріне қауіп төндіретінін естен шығармайық.

А. НЕСІПҚАЛИЕВ,
Матай станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция капитаны.

ҰЛТТЫҢ РУХЫН ТЕРБЕГЕН – ДОМБЫРА

Домбыра – қазақ халқының сан ғасырлық тарихы мен рухани дүниесінің айнасы, ұлттың болмысын, мәдениеті мен дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан қасиетті мұра. Баяғы заманнан бері халқымыз домбыраны тек музыкалық аспап ретінде ғана емес, жан сырын жеткізетін қасиетті тіл, елдің шежіресін сақтайтын асыл қазына ретінде қастерлеген. Қос ішектен төгілген әрбір күйде ата-бабамыздың қуанышы мен қайғысы, арман-мұраты, елге деген сүйіспеншілігі, ерлігі мен азаттығының үні жатыр. Домбыра арқылы ақын-жыраулар ел тарихын жырлап, күйшілер халықтың мұңын да, шаттығын да күй тілімен жеткізген. Сондықтан домбыра – қазақтың жүрегімен бірге соғып келе жатқан, ұлттың рухын асқақтататын мәңгілік мұра. Осы ұлы мұраны дәріптеу мақсатында 2026 жылдың 3 шілдесінде Мұқан Төлебаевтың мемориалдық музейінде Ұлттық домбыра күніне арналған «Ұлттың рухын тербеген – домбыра» атты көрме ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – халқымыздың қасиетті мұрасы саналатын домбыраның тарихи және рухани құндылығын дәріптеу, ұлттық өнерге деген құрметті арттыру және жас ұрпақтың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын қалыптастыру.

Іс-шара барысында келушілер назарына қазақтың ұлттық аспабы – домбыраның бірнеше түрі ұсынылды. Экспозицияда Жетісу өңірінде алғашқылардың бірі болып халық аспаптар оркестрін ұйымдастырған әйгілі Құл ақынның домбырасы ерекше орын алды.

Экспозицияның құнды жәдігерлерінің қатарында қазақ музыка өнерінің жанашыры, Мұқан Төлебаевтың жақын досы Мақсұт Қайырбекұлының жеке домбырасы мен ұлы композитор Мұқан Төлебаевтың отбасы пайдаланған домбыра да көпшілік назарына ұсынылды. Бұл жәдігерлер халқымыздың бай музыкалық мұрасын айғақтайтын, өткен мен бүгінді жалғаған тарихи құндылықтар ретінде келушілердің ерекше ықыласына бөленді.

Келушілердің қызығушылығын ерекше аударған бөлімдердің бірі – 1935 жылы Мұқан Төлебаев ұйымдастырған «Жұмысшы жастар» оркестрінде пайдаланылған музыкалық аспаптар болды. Бұл бірегей жәдігерлер қазақ кәсіби музыка өнерінің қалыптасу кезеңінен сыр шертіп, композитордың ұлттық музыка мәдениетінің дамуына қосқан өлшеусіз еңбегін айқын көрсетті.

Тағылымды шараға жазғы демалыс лагерінің оқушылары мен ұстаздары, сондай-ақ Лепсі ауылының тұрғындары қатысып, ұлттық аспаптың тарихымен, оның қазақ халқының өміріндегі орны мен мәдени-рухани маңызымен кеңінен танысты.

Домбыраның күмбірлеген қоңыр үні бұл күні де өткен мен бүгіннің арасын жалғаған алтын көпірге айналды. Ұлттық өнердің мәңгілік құндылығын айшықтаған көрме келушілерге халқымыздың бай мәдени мұрасын тереңірек танытып, ғасырлар қойнауынан жеткен күй өнерінің өміршеңдігін тағы бір мәрте сезіндірді. Қос ішектен төгілген қасиетті әуен ұлт рухының мәңгі жасайтынын, ата-баба аманатына деген құрметтің ешқашан үзілмейтінін әсерлі түрде паш етті.

Ғасырлар бойы халқымыздың қуанышы мен мұңын, жеңісі мен жігерін, арман-мұратын өз үніне сыйғызған қасиетті домбыра – қазақтың ұлттық болмысының ажырамас бөлігі. Ол ұрпақтан ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізіп, ұлттық бірегейлігімізді сақтаудың жарқын символы болып қала береді.

Д.ТУНГАТОВА,
экскурсия жүргізуші.

Жуырда шілденің шіліңгір ыстығында алғаш рет салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту мақсатында «Су шашу» мерекесі өткізілді. Мерекелік шараға қала тұрғындары, жастар мен қонақтар белсене қатысып, көтеріңкі көңіл күйде уақыт өткізді.

Мерекелік көңіл-күйге бөленді

Іс-шараның салтанатты ашылуында ұйымдастырушылар жиналған қауымды мерекемен құттықтап, мұндай шаралардың қоғамдағы татулықты, өзара сыйластықты және белсенді өмір салтын қалыптастырудағы маңыздылығына тоқталды.

Бағдарлама аясында спорттың әртүрлі түрлері бойынша жарыстар: атап айтқанда ыдыспен су тасу, суды төкпей мәреге жеткізу, губка арқылы су тасымалдау, кедергілер арасынан су жеткізу, қайықпен командалық жарыс (2 ұл және 2 қыз), суға малтудан эстафеталық сайысы ұйымдастырылды. Қатысушылар өздерінің ептілігі мен шапшаңдығын сынап, жеңіске деген жігерін көрсетті. Қайық станциясы маңында өткізілген шараны қызықтаушы қала тұрғындарының саны мол болды.

Мерекенің басты ерекшелігі кішкентай бүлдіршіндердің бір-біріне су шашып, жаздың аптап ыстығында сергіп, мерекелік көңіл-күйге бөленуі болды. Бұл дәстүр көпшілікке ерекше әсер қалдырып, достық пен сыйластықтың, тазалық пен жаңарудың белгісі ретінде кеңінен насихатталды.

Іс-шара барысында Қ. Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінің ұжымы концерттік бағдарлама ұйымдастырып, өнерпаздар әннен шашу шашып, әсерлі қойылымдарын ұсынды. Көрермендер өнерпаздардың өнеріне ризашылықтарын білдіріп, қосыла ән шырқап, көңіл-күйлерінің жоғары екенін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен «Су шашу» мерекесіне арналған бұқаралық мәдени-спорттық іс-шара тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, дене шынықтыру мен спортқа қызығушылығын арттыруға, қоғамдық бірлік пен ынтымақтастықты нығайтуға өз үлесін қосты. Мереке жоғары деңгейде өтіп, қатысушыларға жарқын әсер мен ұмытылмас естеліктер сыйлағаны байқалып тұрды.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

ЖАЗУШЫЛАР АРАСЫНДА

Академик Серік Қирабаевтың естелігінен

Менің 50-жылдардан бастап, сыйласып, араласып кеткен бір ақыным Жұмағали Саин еді. Соғыста партизан отрядында болып, қатты жарақаттанып қайтқан Жұмағалидың сол кездегі даңқы едәуір биік болды. Партизандығын елдің бәрі құрмет тұтты. Ол жөнінде газет-журналдар көп жазды. 1954 жылы Украина Ресейге қосылуының 300 жылдық тойына оны арнайы шақырды. Қасым Қайсеновті украиндар ортасынан тауып алып келген де Жұмекең болатын. Өз қатарындағы ақындардың ішінде Жұмекең талантты жастарға жақын жүретін. Жас кезімізде біразымызды жинап үйіне қонаққа шақырған алғашқы ақын да Жұмағали-тын. Тахауи, Жұбан, Зейнолла, Айқын, тағы кімдер барын ұмытыппын, бес-алты пар болып Жұмекең мен Катя жеңгейге қонақ болғанбыз. Жұмекең ол кезде Жазушылар одағының партия ұйымында хатшы болды.

Ұлтшылдық науқандарының одақты көп айналдырған тұсында әуелі Ғабиден, содан кейін Жұмағалидың адамдығы мен бір беткейлігінен жазушылар көп пайда көрді. Олар басшылықтың әпербақан саясатына бас ие берген жоқ. Жұмекең сонда партизандығын, Отан үшін қан төккендігін айтып, көнбей отырып алатын. Қажымның сотында «Мағжанның өлеңін оқыды» деген айыптауға куә болып барғанда, Жұмекең «оқыған жоқ», «жала» деп жауап беріпті. Сот: «өтірік куәлік берсеңіз, жазаға тартыласыз» деп ескерткенде, «Мен Отан үшін қан төккен адаммын, екі қабырғам жоқ, партизанмын» деп қатты жауап бергенін естігенбіз. Сол соттан шығып келіп Жұмекең елге ашық: «ана кісіден аулақ жүріңдер, Қажымның мойнына қоюға тырысып өзеуреген сол» деп біреуді көрсеткен. Сол бір ақын жайлы 1937 жылдар оқиғаларымен байланысты әңгімелер көп шығып жүрді. Кейін партияның XX съезінен соң жазықсыз сотталғандар ақталып келе бастаған кезде, ол қарасын батырып, Алматыдан еліне кетіп қалды. Сол жақта қайтыс болғанын кейін естідік.

Бауыржан Момышұлы, Дихан Әбілев, Әлжаппар Әбішев, Сапарғали Бегалин, Сейтжан Омаров, Қалижан Бекхожин сияқты ағаларым да мені жақсы көріп бауырына тартқан, дастарқанының шетінен орын берген қадірлі жандар еді. Баукеңмен демалыс үйінің саяжайында танысып, жақын араластық. Әлияның аспирантурада оқып, шет тілінен емтиханға дайындалып жүрген кезі. Бауыржанның жолдасы Жамал (Қалибек Қуанышбаевтың қызы) оған неміс тілін үйретеді. Сол сылтаумен Әлия Бәукең үйіне жиі барады, Бәукең «келін» деп даусын көтере дабырлап алдынан шығып қарсы алады. Өзі тұрып шай қояды. Әлия да қарыз болып қалмай, ол кісілерді шайға шақырады.

Дихан семьясымен бізді жақындастырған Мертай марқұм еді. Ол есейген кезінде Әлиямен қатар КазПИ-де оқыды. Кездесулердің бәрінде шұрқырасып қалатын. Оның үстіне Дихан менің жас кезімде біздің елге келген, менің ең бірінші көрген тірі жазушым. Алғашқы әсер қашан да ыстық болады. Диханмен мектебімізде болған кездесу, онда менің сөйлегенім, сол сапарда ақынның Жаңаарқа аудандық, Қарағанды облыстық газеттерінде бастырған шығармалары – бәрі де менің есімде. Кездескенде мен соны айтам. Ол туралы Дихаң жөнінде жазған бір мақаламда, сексен жылдығында жасаған баяндамамда толық айтылған. Ағамыз Мертайдан ерте айрылып, жаңа шаңырақ құрды. Сонда да бізбен қатынасын үзген жоқ. Көп жасап сыйластығымен өтті.

Бұларға қарағанда, Әлжаппармен мен кештеу таныстым. Шығармашылығын білгенмен, өзімен араласа қоймағам. Жақын танысуыма себеп болған – баяғы карта. Әлжаппар Ғабит, Ғабиденмен көрші тұрады (Абай, қазіргі Желтоқсан көшелерінің қиылысында). Карта үстінде жиі кездеседі. Оларға мен де қосылам. Әлжекең картаны қызу ойнайды, қолы босай қалса, картаңа үңіліп, жұлып алып ойнап кетеді. Төрт адамның үшеуі ойнағанда, төртінші адамның тиісті картаны үлестіріп, демалып отыратын этикасын ол сақтай білмейді. Сөйтіп кейде тыныш, демалып отырып ойнайтын ойынның берекесін кетіреді. Оған кейде Ғабит пен Ғабиден ренжиді. Бірақ үйренген Әлжекең олардың ескертпелеріне мән бермейді.

Шығармашылық өресі онша биік болмағанмен, Әлжекең аға жазушылардың бәрімен де (Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден) сыйлас, аралас болды. Олардың ішкі семьялық тіршілігіне де кірісіп кетеді. Кейде одақ басшылығының жұмыстарына килігеді. 70-80 жылдары Жазушылар одағының жанынан ақсақалдар алқасы құрылған кезде де төрағаның (төраға Ғабит) орынбасары болып, билікке араласатын. Сонысымен сырын білмейтін жастар ортасынан біраз бедел жинады.

Мен көрген кездегі қазақ жазушыларының ең жасы үлкені –ағалық ілтипатын бұзбайтын әдептілігімен, сыпайылығымен, қазақы жөн-жобаны жақсы біліп сақтай білуімен елдің бәріне аға болған адам – Сапарғали Бегалин еді. Алғашқы өлеңін «Айқапта» бастырған Сапекең отызыншы жылдары халық поэзиясы көтерілген тұста біраз өлең жазып, кейін балаларға арналған әңгіме, повестерімен танылды. Заманды, заман адамының сырын, мінезін жақсы білді. Ешкімге міндет артпайтын, ешкімнен ешнәрсе сұрамайтын, өз әлінше еңбек етіп, соған сүйенген қадірлі қарттығын сақтады. Сол үшін де басы Мұхтар, Сәбит болып, Сапекеңді сыйлады. Жүрістұрысы, дені-басы таза адам тіршілігін де таза өткізді. Сексен сегіз жыл жасады. Одан да көп жасайтын реті бар еді. Әуелі бәйбішесі, артынан Мәжит деген атақты кинорежиссер баласы қайтыс болып, ұлғайған кезде солардың қайғысын арқалады. Шыдамды-ақ адам еді, қайғы жеңіп кетті.

Сондай сыпайы, ақырын жүріп, анық басқан адамның бірі – Сейтжан Омаров еді. Отызыншы жылдары әдебиетке өлеңмен келген Сейтжан соғыстан соң проза жазуға көшті. Ара-тұра өлең, поэмалар да жазып қойды. Жазушылар ортасында кеңсе жұмысын шебер және тыңғылықты атқаратын Сейтжанды одақ басшылығы жиі пайдаланды. Ол «Әдебиет және искусство» журналында, Жазушылар одағында жауапты хатшы қызметтерін көп атқарды. Кейде бастықтар мұндай қызметке біреулерді таңдағанмен, кеңседегі ісбастылықты көтере алмай ол кетіп қалатын да, іс басында ылғи да Сейтжан отыратын. Сонысымен ол абыройлы болды, елгезек адам жастарға да қол ұшын көп берді. Қайнекей журналға редактор болған кезде сол редакцияға жауапты хатшы болған Сейтжан менің алғашқы мақалаларымды басқан, өзімнің журналға ауысуыма тілектес болған адам еді. Сыйласып өттік, алдынан шығып көргем жоқ, дәмдес болдық. Сейтжан кезіндегі сыйластығымызды сақтап Сәния

сыйласа жүріп, мен әдебиетке кірдім. Соғыстан оралған Сырбай, Жұбан, Тахауи, Әбдіжәміл, Мұзафар, Сағынғали сияқты ағаларға жоғарғы мектептен жүйелі білім алып біз келіп қосылдық. Біздің де Зейнолла, Сафуан, Қуандық, Аманжол, Ғафу тәрізді өз құрбыларымыз болды. Әскерге бармай тылда еңбек еткен Тәкен, Садықбектер де біздің қатарымызды толтырды. Осы топтың бәрімен де араласып-құраласып өстік. Олардың көбін алғаш 1947 жылы өткен жас жазушылардың кеңесінде көрген едім. Аманжол, Зейнолла, Тахауи – үшеуі, жинақтары шығып үлгірмеген, бірақ газет-журналдың беттерінде өлеңдері жиі басылып жүрген ақындар болатын. Алғашқы екеуі студент те, Тахауи әскерден келген. Осы үшеуін жастарға көрсетілген қамқорлықтың белгісі болсын деді ме, қайдам, кеңестің ұйғаруымен Жазушылар одағының президиумы одаққа мүшелікке қабылдағанына куә болғам.

Аманжол Шәмкеновпен «Әдебиет жоне искусство» журналына келген кезде (1952) жақын таныстым. Университет бітіргеннен соң осы журналға келіпті. Айқын марқұм да осында орналасқан. Оларға баспадан ауысып, мен келіп қосылдым. Айқын марқұм бірге оқыған ескі дос еді, 1965 жылы машина қағып қайтыс болып кетті. Ал, Аманжолмен сол жылдардан басталған достығымыз ол Алматыдан Павлодарға қоныс аударғанша (2002) үзілген жоқ. Көшкеннен кейін дехабарласып тұрдық. 2004 жылы қайтыс болғанда, барып топырақ салып қайттым. Жақсы ақын, жақсы азамат еді. Сырт көзге тұйық, досқа адал жігіт болатын. «Сен осы ақынға ұқсамайсың, ақындық мінезің жоқ, саған өлеңді Раиса жазып бере ме?» – деп қалжыңдаушы ем. Жауап та бермей, жымиып қана, мұрнын шұқып отыра беретін. Адам ұлғайғанда елін, жерін сағынатын бір сезімдер болады, ондайда «өлсем, елге апарып қойыңдар» деп өсиет қылатындар да көп. Кейінгі жылдары нарықтың қысымына шыдамаған адамдардың тірі кезінде-ақ еліне көше бастағандары көбейді. Атыраудың бір топ жігіттерін – өнер мен әдебиет қайраткерлерін Иманғали Тасмағамбетов көшіріп алып кетті. Рахманқұл Бердібаев бастаған бір топ Түркістанға қоныс аударды. Ғалымжан Жақиянов әкім болып тұрғанда Павлодардың бір топ жігіттеріне (ішінде Аманжол мен Рамазан Тоқтаров бар) үй берді. Аманжол да осы науқанға бой ұрып көшіп кетті. Күні кеше дүрілдеп жататын одақтың жүдеу тартып, жазушыларға қамқор бола алмай қалғанын көтере алмады. Ақыры топырақ елінен бұйырды. Алла иман берсін. Бүгін мен солармен әзіл-қалжыңымыз жарасып бірге өткен жастығымызды еске алам. Аманжолға да, оның әйелі Раисаға да қатты қалжыңдаушы едім. Аманжол үндемейтін, Раиса күлкіге салып, шымшып қалатын.

Бір күні Раиса телефон соқты.

– Аманжол Мәскеуге кетіп еді. Ертең таңертең келеді. Мен ауырыңқырап тұрмын. Ылғи өзім күтіп алушы едім. Іздейді ғой. Сен барып күтіп алсаң, қайтеді?

– Жарайды.

– Әлияға ескертіп кет, кешке бізге келерсіңдер.

– Құп.

Мен барып, таңғы самолеттен Аманжолды күтіп алдым. Ол мені көзіне ілмей, әйелін іздеген сияқты, жан-жағына қарайды.

– Раиса қайда?

– Аздап науқастанып қалыпты. Мені жіберді.

Аманжолда үн жоқ. Ақырын келіп машинаға отырды. Ол кезде машинаны өзім жүргізем. Екеуден-екеуміз. Аманжол үндемейді, мен де оны мазалағам жоқ. Қалаға кіріп, әуелі жол үстіндегі біздің үйге соқтық. Мен өзім кіріп шықтым. Аманжол машинада қалды. Ойыма бір қулық түсті. «Қатынжанды неме, сол күтпеді деп қабағын ашпай келеді, қатырайын», – деп ойладым. Енді Аманжолдың үйіне қарай бет алдық. Ол Масаншы, Жамбыл көшелерінің қиылысында тұратын.

– Аманжол, сен ер жігітсің ғой. Бірдеме естіп пе ең. Қиналып келесің ғой. Шыда. Раиса қайтыс болды, кеше жерледік, – дедім.

Ол үндемеген қалпында мелшиді де қалды. Машина келіп тоқтады. Екі чемоданы бар екен, екеуін де мен көтердім (қайғылы адамға чемодан көтертуге болмайды ғой). Үйге кіріп, пәтердің есігін қақтық. Есікті Раиса ашты. Менің әңгімеме иланып келе жатқан Аманжол әйелі алдынан шыққанда көзі жасаурап, буыны босап, Раисаға қарай қисая берді. Ұстап қалдық.

Кейін Раиса, шынында да, қатты ауырып, өлім аузынан қалды. Сонда «Жаман ырым бастап едің» деп бәрі маған жабылған. Осындай қалжыңмен өткізген қызықты жас күндеріміз тез өтті де кетті.

Мен өз қатарларымның ішінде алғашқыларының бірі болып қазынаның тәуір үйін алдым. Араласып жүрген ағайындарым да, жолдастарым да қуанысты. Ол кезде қалада монша жетіспейді, Октябрьская (қазіргі Әйтеке би) көшесіндегі жалғыз моншаға кіру мүмкін емес. Ел таңнан барып кезекке тұрады. Менің маңайымдағы жігіттер біздің үйге ваннаға түсуге келеді. Бәріне де шай, ас-су, арақ-шарап қою керек. Әлия ондайды қалт жібермейді, дайындап отырады. Бір рет келді де, Әбен Сатыбалдиев (Гүлнар екеуі): «Қой, бұл болмайды екен. Әлияға обал ғой» деп келмей кетті. Ислам ағам иіс алмас, жетісіне бір кеп, әйелімен екеуі дабырлап сөйлеп, моншада екі-үш сағат жуынады. Жиі келетіндердің ішінде Сафуан да бар.

Бір күні кешкі сағат бестің кезінде ауруханада жатқан бір адамға кіріп шығайық деп, киініп жатыр едік, Сафуан кіріп келді, қолында саквояжы бар, моншаға келгені белгілі.

– Біз бір ауруханаға кіріп шығайық деп жатыр едік.

– Бара беріңдер, үйде кісі болса, болғаны.

– Бар, Мереке (менің студент інім) бар.

– Онда кете беріңдер. Тек моншадан

шыққанда буымды басатын бір шөлмек коньяк тастап кетіңдер.

Әлия бір шөлмек КВВК деген коньяк ұстатып кетті.

Қайтып келсек, Сафуан кетіп қалыпты. Коньяктің шөлмегі бос жатыр. «Сафуан ондай ішкіш емес еді, көп болса, бірер рюмка ғана ішуші еді» деп, о жер, бұ жерді қарасам, көрінбеді. Кухняда бір арақтың бос шынысы жатыр еді, сол жоқ. «Құйып алып кеткен ғой» дедім де қойдым. Кухняда апамның үлкен сандығы тұратын. Әділ деген балам ойнап жүріп, теннистің добын сол сандықтың артына түсіріп алыпты. Соны алып берейін деп сандықтың артына үңілсем, манағы коньяк құйған арақтың шынысы соның артында жатыр. Алдым. Сонсоң басқа шыныға құйып алдым да, суыған шайды алып, қоюлығын, көлемін дәлдеп құйып, орнына қойдым. «Бәлем, бір іздеп келерсің» деп.

Бір күні түскі астың кезінде бір жолдасым (Әмеди Хасенов) келіп, екеуіміз шай ішіп, аздап арақ ішіп отыр едік. Сафуан жетіп келді.

– Жоғары шық, шайға кел. Арақ ішесің бе?

Ол жауап бермес бұрын сандықтың артына көз тастады.

– Жоқ, біз арақ ішпейміз.

– Енді не ішесің?

– Біздің коньягіміз бар. – Ол «коньякты» суырып алды.

– Ой, мен сені алып кеткен, не ішіп кеткен екен десем, тығып кетіп пе едің, – деп жатырмын мен де білмеген болып.

Ол коньякті өзі құйып алды да, бізге қарап:

– Қайсыңа құяйын, – деді.

– Жоқ, мен арақ ішіп қойдым, араластырмаймын, – дедім мен. Әмеди де осыны айтты.

– Ал, ендеше келіңдер, – деп Сафуан бізбен қағыстырды да, тартып салды. Шалқасынан түсті. Көп уақыт осыны күліп айтып жүрдік.

Сол бір жылдары мойыны ұзын шөлмекті болгардың шарабы кең тарады. Мойнына үлкен әріппен «С» деп жазып қойыпты. Бір жолы Сафуанның үйінде көріп:

– Мына мойны Сафуанның мойнына ұқсайтын шарапты қайдан алдыңдар. Өзінің сыртына «С» – Сафуан деп жазып қойыпты, – дедім. –Содан сол шарап Сафуан аталып кетті: өзі дәмді, ішуге жеңіл, сусын қандырарлық осы шарапты қызығып ішіп жүрдік.

Бір күні Сафуан қонаққа шақырып, сол шараптың екі-үш шынысын столға қойыпты. Кешігіп, шөлдеп келіп ем, екі рет тартып жібердім де, елді соны ішуге үгіттей бастадым. Мақсатым – столының үстіндегі шарапты түгел ішіп, үй иесін жерге қаратып кету. Өзім де ішіп отырмын. Стол үстіндегі шарап таусылған кезде, Сафуан «тағы біреуі қалып еді» деп алып шығады. Сөйтіп біртіндеп шығарып, алдап соқты. Сонсоң шкафына қарасам, толтырып қойыпты. Содан кейін ішуді тоқтаттым. Сол Сафуан да орнынан тұра алмай қалды.

Маған аға саналатын ақындардан мен Жұбан мен Сырбайды ерекше құрмет тұттым. Екеуімен де араластық. Саяжайымыз да көрші болды. Маған жер екі ақынның ортасынан тиіп еді. Жұбан көп жыл одақтың басшылық қызметінде болған, азаматтығы да мол, ер көңілді жігіт болатын. Жетім өскен, сүйеніші жоқ ол өз еңбегімен жетілді. Мейлінше адал, жершілдік, рушылдық аурудан аман болды. Екеуіміз қосылып, үлкен ағаларымызбен картаны көп ойнадық.

Сырбай – соғыстан келген ұрпақтың басы тәрізді, үлкен талант иесі болды. Оның маңындағылардың бәрі Сырбайдың аузына қарайтын. Ол бастап тамаққа, көкбазарға, кейін «Сырбай-лапша» аталып кеткен Дұнған лапшасын дайындайтын будкаға баратын. Будка иесі Сырбайды жақсы танып алған, ақшасы болмай қалса, қарызға да бере беретін. Гонарар алғанда Сырбай оның қолына дудыратып ұстата салатын. Тек құрбылары ғана емес, ақындық жолды таңдаған жастардың көбіақ Сырбайдың маңынан табылатын.

Үлкен ақындардың осы «еркеліктері» тегін кеткен жоқ. Сырбай да, Тахауи да, Садықбек те, Ғафу да мезгілінен бұрын кетті.

Серік Қирабаевтың «Өмір тағылымдары» кітабынан үзінді. (Естеліктер. – Алматы: «Білім», 2006. – 126-130 б.б.).

Суретте: Жұмағали Саин мен Қасым Қайсенов зайыбы Асыл апамызбен.

Бір кем дүние

Шерхан МҰРТАЗА

Жасаған Ием, Жаратушы Құдірет – Алла Тағаланың 99 аты бар. Таспих моншақтары – 99.

***

Біреулерге Құдай бәрін береді. Байлық та бар, алтын, гауһар, інжу-маржан – бәрі бар. Төрт құбыласы сай.

Бірақ Иман жоқ.

Ең сорлы адам - сол.

Бір кем дүние.

***

Жалған дүниеден өтер алдында жарты әлемде жаулаған Әмір Темір жанындағыларға аманат айтты:

- Мен өлген соң жылап-сықтап, дауыс көтермеңдер. Оның түкке қажеті жоқ. Ажалды біреу айқалап, қорқытып қуады ма екен? Киімдеріңді жыртып, жынды адамша жүгіргеннен гөрі Аллаға «Аллаһу акбар» деп маған мейірім тілеңдер. Жүрегімді жылыту үшін «Фатиханы» оқыңдар.

Жарты әлемді жаулаған Әмір Темір де мейірімге мұқтаж.

Бір кем дүние...

***

Тәңірдің құдіретіне таң қаласың. Құдірет әлемді әділ, сағат тетігіндей мінсіз жаратты.

Бәрі тәртіпті: Күн де, Ай да, Жер де тек өз жолымен жүреді. Сансыз жұлдыздар да бәрі тура жолмен жүреді.

Ал адамдар ше?

Пайғамбарлар, сахабалар, аса бір данышпандар болмаса, көбі қисаландай береді. Бұралаң жолдарға түседі. Адасады, сүрінеді, құлайды.

- Е, Құдай, не жаздым?! – деп жылайды.

Құдай жолымен жүрсең, жыламайсың.

Бірақ соны ұмыта береді.

Бір кем дүние.

***

Темірді тат шірітеді. Тат темірдің өзінен шығады.

Адамды аздыратын жаман қылықтар да өзіңнен шығады. Ол да тат. Оны сабындап жуып кетіре алмайсың.

Адам жанын тат басса, оны тек кітап кетіре алады. Әрине, асыл кітап, адал кітап.

Ең бірінші – Құран!

Екінші – хадистер!

Ұлы классиктер.

Қазақтың ұлы ақын-жазушылары.

Кітап жем, су сұрамайды. Кітап – ғажайып қазына.

Кітап - өмірсерік.

Кітапты сүймеген Құдайды да сүймейді.

Бір кем дүние.

***

Әкеміз Мұртаза марқұмның қызғылтым шырайлы, әдемі гүлдері жайнаған жап-жаңа жайнамазы бар еді.

Алдымен мешіт бұзылды. Оның үйінді болып қалған кірпіштерінің үстінде байғыз дейтін құс сұңқылдап, зарлап отыратынды шығарды.

Көп ұзамай Мұртаза рахметілік «халық жауы» ретінде ұсталды. Бұл 1937 жылдың, сірә, желтоқсан айы еді.

НКВД үйге тінту жасады. Мен ол кезде бес жасар баламын. Бәрі есімде. Тінткенде бәлендей байлық табылған жоқ. Тек бір милиционер төрде ілулі тұрған жайнамазды жазып көрді де: «Е, мынау шұлғау болуға жақсы екен. Аяғым тоңып жүр еді», - деп Алланың аты жазылған жайнамазды бүктеп-бүктеп, қойнына тыға салды...

Арада алпыс жыл өткенде жолым түсіп, Кереку қаласына барып, мешітіне кіріп, дұға оқығанда, Тәңірі жарылқағыр бас имам маған Қағбадағы мешіттің суреті салынған сұлу жайнамазды сыйлады. Сонда баяғы милиционерге шұлғау болып, қорланған жайнамаз ғайыптан құс болып келіп, қолыма қонғандай ғажайып хал кештім.

Бір кем дүние.

***

Самайға ақ кіріп еді, мұрт та ағара бастады. Ұялған ұрыдай болып қастың бір талы да ағарыпты.

Сөйте-сөйте... Сүйек те ағарады-ау...

Несіне тырбаңдаймыз?

Бәрі де өтеді.

Өтпейтін тек уақыт қана.

Адамдар: «Уақыт өтіп барады», - деп өкінеді. Шынында өтіп бара жатқан уақыт емес, өмір өтіп барады.

Ал уақыттың басы да, аяғы да жоқ.

Уақытты жылға, айға, сағатқа, минөтке, секөндке, ғасырға бөліп жүрген адамдар ғой. Уақыт – мәңгілік. Мәңгілік басталмайды да, аяқталмайды да.

Бәрін бір Алла біледі.

Алла білімі шексіз.

Білімі шектеулі адамдар.

Бір кем дүние.

Қойтас

Үлкен-кіші шөгіп жатқан қойтастар,
Жұмбақ тастар адамдарға
ой тастар.
Алып келген қандай ғана дүлей күш,
Білгісі кеп жүйрік көңіл ойқастар.

Жойқын тасқын болғандығы
бұл анық,
Үйдей тастар құм-батпаққа
шыланып.
Тау басынан домалаған етекке,
Тастар жатыр жағалауда тым алып.

Балалықты еске алатын кезім көп,
Қойтас ішін кешке дейін кезіп ек.
Жалаңаяқ тікенге де қарамай,
Қара нанды қалтаға сап үзіп жеп.

Артта қалды балалық кез,
жастық шақ,
Қалың таста ойнайтынбыз асыр сап.
Таудай болған қойтастар да шөгіпті,
Шөгіп бара жатқандаймын
тасқа ұқсап.

Қойтас бүгін танымастай өзгерді,
Сарқан тұрмақ қызықтырып
өзге елді.
Көрсін енді саябақты Қойтастай,
Мақтанышпен көрсететін кез келді.

Көз тартқызып еріксізден кісіні,
Таутеке мен қар барыстың мүсіні.
Биік тастан тамшылаған ақбұлақ,
Қызықтырып үлкен менен кішіні.

Жүргіншіге тас төселген жолы бар,
Аяқ талса демалатын орны бар.
Отырғанда жан-жағыңды қызықтап,
Жора-жолдас, таныс-тамыр
жолығар.

Жастар үшін алаңы бар салынған,
Алаң үсті жасыл кілем жамылған.
Жас буынға барлық жағдай жасалған,
Доп ойна да голды соғып сал ұран.

Тамаша ғой жағалауы Сарқанның,
Ләззат алар салқын лептен жан-тәнің.
Аптап ыстық күйдіргенде жан таппай,
Пана болған әрбір терек, әр талың.

Ымырт түссе самаладай шам жанып,
Қойтас іші кетеді екен жанданып.
Ары-бері қыдырғандар көбейіп,
Көңілденер көркін көріп таңданып.

Білмейтіндер әсемдіктің қадірін,
Бүлдіріпті түнде жанар жарығын.
Жұлып алып қоқыс салған ыдысты,
Толтырыпты күл-қоқысқа арығын.

Бассыздыққа кінәлілер басты кім,
Тәрбие жоқ, тамағы тоқ жас буын.
Әкімшілік зая қылдың еңбегін,
Өздеріңе жасаған бұл қастығың.

Әкімдіктің еңбегі бар орасан,
Көз тояды жан-жағыңа қарасаң.
Қойтас ішін гүлдендірген жандарға,
Алғысым мен ақ батамды
жолдасам.

Қойтас енді демалатын саябақ,
Көркін көріп көңіл толар аралап.
Қойтас деген табиғаттың сыйы ғой,
Келешекке қалдырайық аялап!

Нүсіпхан АҚЖОЛОВ.

Елу жыл өткен соң

Жуырда Сарқан ауданының Көкжиде ауылындағы Ерікті орта мектебін осыдан 50 жыл бұрын бітірген түлектер бас қосып, өткеннің өнегелі тұстарын әңгімелеріне арқау еттік.

Жалғанда ұстаз көрмеген, я мұғалімнің алдында оқушы болмаған тұлға кемде-кем шығар. Ал осынау мамандықтың ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген абзал жандарға деген алғыс-ризашылығымыз шексіз. Ұстаз – келер күннің ұстасы. Біздердің бүгінгі болмысымыз әліппені жаттатқызып, қолға қалам ұстатқан кешегі ұстаздарымыздың еңбегі. Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз! Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Осы басқосуда

мектепті өздерінің екінші үйіндей көріп, ал шәкірттерін өз баласындай тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымызды сағынышпен еске алдық. Талдықорған қаласындағы орталық мешітте марқұм болған ұстаздарымыздың, сыныптастарымыздың рухына арнап құран оқыттық.

Менің сыныптастарым арасында еліміздің дамуына үлкен үлесін қосқан қыз-жігіттер аз емес. Жақсы, сәулелі сәттерімізді еске алдық. Құрдастарымыздың шыққан биіктерін естіп бірге қуандық. Жетпіс жасқа жақындап қалған достарымның сергек жүргені жанымызды нұрландырды. Туған жерін сағынып жүретін армандастар-замандастар бүгінгі таңда ұрпақтарымызбен мақтанамыз.

Өркениетті қоғамды дамытудың ең бірінші қозғаушы күші білім десек, білімнің негізі мектеп қабырғасында қаланады. Отанымыздың, ауданымыздың, ауылымыздың гүлдене беруіне мектебіміз болашақта да өз үлесін қосады деп сенеміз.

Нұрахмет МАТКАРИМОВ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН КЕЗДЕСУ

Жуырда Сарқан аудандық кітапханасының мәжіліс залында Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының тапсырысы аясында «Жасыл ниеттестік» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында ақпараттық-насихаттық кездесу өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – 2024-2029 жылдарға арналған Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде жергілікті тұрғындар арасында тазалық пен қоршаған ортаға жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру, сонымен қатар экологиялық ахуалды жақсарту жолдарын бірлесе талқылау.

Жиынның басында сөз алған қоғамдық бірлестіктің төрағасы Әлия Ахмедиева тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру туралы айтып, кездесу барысында қоршаған ортаның ластану деңгейі, тұрмыстық қалдықтарды дұрыс сұрыптау мен жою, ауылдық жерлердегі экологиялық тәртіптің сақталмауы, стихиялық қоқыс орындарының көбеюі және су айдындарының ластануы сияқты өзекті мәселелер көтерілді. Сонымен қатар қатысушылар қалалық және ауылдық округтерде санитарлық тазалықты сақтау, халық арасында экологиялық сауаттылықты арттыру және балалар мен жастарға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы жайында пікір алмасты.

Іс-шараға аудандық ардагерлер кеңесі мен белсенді ұзақ өмір сүру орталығының мүшелері және ауданның белсенді жастары қатысты. Олар өз ой-пікірлерін білдіріп, бірлескен экологиялық бастамаларға қолдау білдіруге дайын екендіктерін жеткізді.

Шара соңында «Жасыл ниеттестік» қоғамдық бірлестігі тарапынан қатысушыларға арнап ақпараттық материалдар таратылып, тазалық сақтау жөніндегі жадынамалар ұсынылды.

Өз тілшіміз.

САҚ БОЛЫҢЫЗ: АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ

Адам папиллома вирусы – дененің әртүрлі бөліктерінің терісі мен шырышты қабаттарын зақымдайтын вирустар тобы. Ол жылдам таралуға қабілетті, қатерлі ісікті өзгеруге әкелетін қоздырғышқа айнала отырып, қатерлі ісік тудыратындығымен қауіпті.

Оның 200-ден астам түрі бар, олардың 14 түрінде онкологияның (қатерлі ісік) даму қаупі жоғары.

Адам папиллома вирусының адамнан адамға берілу жолдары:

– тұрмыстық байланыс арқылы (қол алысу, терінің зақымдануы жолымен). Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға — сауна, монша, спорт залдар, дәретхана, бассейндерге барған кезде мұқият болу керек;

– жыныстық қатынас арқылы;

– бала туу кезінде тікелей жолмен (анадан сәбиге босану жолдарымен өтуі кезінде беріледі);

– өзіне-өзі жұқтыру арқылы (көбіне қырыну немесе эпиляция кезінде вирустың дененің бір аймағынан екіншісіне ауысуы).

Бұл вирус жатыр мойны обырының қоздырғышы болып табылады. Ол онкологиялық аурулардың ішінде кең таралған аурулар қатарына жатады.

Біздің елімізде жатыр мойны обыры барлық жастағы әйелдер арасында сүт безінің обырынан кейінгі кең таралған екінші түрі болып табылады.

Жыл сайын Қазақстанда жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайлары тіркеледі. 600-ден астам әйел бір жылда осы патологиядан көз жұмады.

Бүгінгі таңда жатыр мойны обырының алдын алудың бірден-бір әдісі — вакцинация. Вакцинация арқылы әйелдерді жатыр мойны обырынан қорғай аламыз. Адам папиллома вирусына қарсы вакцина дүниежүзінің 135 мемлекетінде 15 жылдан астам уақыт қолданылып келеді. Бұл вирусқа қарсы вакцина тиімді әрі қауіпсіз екендігі ғылыми дәлелденген, жағымсыз әсерлер туғызбайды.

Жатыр мойны обырының қоздырғышы — адам папиллома вирусына қарсы вакцинация Қазақстан Республикасының Ұлттық күнтізбесіне енгізілді. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы ұстанымын және Қазақстан Республикасында халықты иммундау жөніндегі сарапшылардың Ұлттық техникалық консультациялық тобының ұсынымдарын ескере отырып, 11 жастағы қыздарға вакцинация жүргізу 2024 жылдың күз айларынан басталды. Аталған вирусқа қарсы вакцинация республикалық бюджет есебінен мектептерде немесе тіркелген мекенжайы бойынша емханаларда екпе кабинеттерінде жүргізіледі. Вакцинаға қарсы көрсетілімдер болмаса, ата-аналарының немесе қамқоршыларының келісімінен кейін жасалады, дельта тәрізді бұлшық ет ішіне енгізіледі, ол араға алты ай салып екінші рет жүргізіледі.

Бұл вирусқа қарсы вакцинаалау адам папилломасы вирусымен зақымдану деңгейін және онкологиялық аурулардың, әсіресе жатыр мойны обырының дамуын төмендетеді.

Адам папиллома вирусы вакцинациясын Қазақстан Республикасының Ұлттық күнтізбесіне енгізу — еліміздің болашақ ұрпағының денсаулығын сақтаудағы маңызды қадам.

А. ЖАРТЫБАЕВА,
Сарқан аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

О включении граждан в списки избирателей

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Списки избирателей по месту жительства составляются местным исполнительным органом.

В списки избирателей включаются граждане Республики Казахстан, достигшие на день голосования 18-летнего возраста, обладающие активным избирательным правом и зарегистрированные по месту жительства на территории соответствующих избирательных участков.

Временно зарегистрированные граждане включаются в списки избирателей на основании поданного ими заявления в местный исполнительный орган не позднее чем за тридцать дней до дня голосования или до 23 июля 2026 года.

Акимат организует включение гражданина в список избирателей того избирательного участка, на котором он будет голосовать, и исключение его из списка избирателей по месту регистрации.

Гражданин может быть включен только в один список.

С 7 августа 2026 года избирателям будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на конкретном избирательном участке через интернет-ресурс или колл-центр соответствующего акимата.

Для удобства избирателей посредством электронных сервисов будет организовано оповещение об избирательном участке.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

Открепительное удостоверение на право голосования

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Граждане Казахстана голосуют по месту жительства на территории соответствующего избирательного участка.

При перемене места своего пребывания за пятнадцать дней до голосования или с 7 августа 2026 года избиратель, по письменному заявлению в участковую избирательную комиссию по месту жительства и по предъявлении документа, удостоверяющего его личность, может получить открепительное удостоверение на право голосования.

Выдача открепительных удостоверений прекращается в восемнадцать часов по местному времени дня, предшествующего дню голосования или 22 августа 2026 года.

Допускается получение открепительного удостоверения на основании доверенности. Нотариальное удостоверение доверенности не требуется.

В случае утраты открепительное удостоверение не восстанавливается и его дубликат не выдается.

Открепительное удостоверение на право голосования не выдается избирателям, желающим участвовать в голосовании на другом избирательном участке в пределах одного населенного пункта.

При голосовании на избирательном участке по месту пребывания участковая избирательная комиссия в день голосования включает избирателя в список избирателей на основании документа, удостоверяющего его личность, и выдает бюллетень для голосования взамен открепительного удостоверения.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

Дауыс берушілерге ақпарат беру жөніндегі байланыс Call-орталығы

№ п/п	ауданның атауы	орналасқан орны (көше, №)	Аты-жөні (Т.А.Ә.)	Call-орталықтың телефоны
1	Сарқан ауданы	Сарқан ауданы әкімдігінің ғимараты, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі,	Басолығұлов Жасұлан Ебеолұлы	8 (72839) 2-29-69

Call-центр для предоставления информации голосующих

№ п/п	наименование района	местонахождение (улица, №)	Ответственный (Ф.И.О.)	телефон Call-центра
1	Сарканский район	Здание акимата Сарканского района, г. Сарканд, ул Тәуелсіздік 111	Басолығұлов Жасұлан Ебеолұлы	8 (72839) 2-29-69

Жер қатынастары саласында ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер бойынша жадынаманы назарларыңызға ұсынамыз

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА | ПАМЯТКА ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ

Жер қатынастары саласында ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер

Наиболее востребованные госуслуги в сфере земельных отношений

Мемлекеттік қызметтің атауы / Наименование госуслуги	Қызметті ұсыну тәсілдері / Способы подачи
Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту Продление срока договора земельного участка	• egov.kz • Кеңсе / Канцелярия
Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка	• egov.kz • ХҚКО / ЦОН
Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін құрықтарды алу Приобретение прав на земельный участок, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (аукционов)	• egov.kz • ХҚКО / ЦОН
Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу Приобретение прав на земельный участок в черте города республиканского значения, столицы, городов областного и районного значения	• egov.kz
Жер учаскелерін қалыптастыру бойынша жерге орналастыру жобаларын бекіту Утверждение землеустроительных проектов по формированию земельных участков	• egov.kz

«ҚАУІПСІЗ ҮЙ» жедел-профилактикалық іс-шарасы

2026 жылғы 17–19 шілде аралығында Қазақстан Республикасы аумағында «Қауіпсіз үй» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін анықтау және жолын кесу, қолайсыз отбасыларды, есепте тұрған тұлғаларды бақылау, сондай-ақ тұрғындар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Осыған байланысты полиция қызметкерлері тұрғын үйлерді аралап, профилактикалық әңгімелер өткізеді, азаматтардың өтініштері мен шағымдарын қабылдайды, тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Құрметті азаматтар! Өз қауіпсіздігіңізге бей-жай қарамаңыз. Егер сізге тұрмыстық зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық немесе өзге де заңсыз әрекеттер белгілі болса, бұл туралы дереу 102 арнасына хабарлауыңызды сұраймыз.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет.

К. ЖУМАТАНОВА,
Сарқан АПБ -нің ОТЗЗҚКТ-ның инспекторы, полиция аға лейтенанты.

Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну тәртібі

"Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2026 жылғы 27 қаңтардағы № 34 бұйрығы

1. Фитосанитариялық есепке алу субъектілері фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және фитосанитариялық есептілікті пестицидтерді өндіру, импорттау, сақтау,өңдеу, залалсыздандыру және фитосанитариялық мониторинг жүргізу орны бойынша Комитеттің аудандық аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – аудандық инспекция) ұсынады.

2. Фитосанитариялық есепке алу нысандарын фитосанитариялық есепке алу субъектілері аудандық инспекцияға есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады: 1) пестицидтерді өндіру және (немесе) өткізу туралы (ФУ-2) есепті, фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет 5 шілдеге дейін және бір рет 5 қаңтарға дейін; 2) пестицидтерді импорттау және өткізу туралы (ФУ-2) есепті жылына екі рет, 5 шілдеге дейін бір рет, 5 қаңтарына дейін бір рет; 3) пестицидтерді, сақтау туралы (ФУ-3) есепті жыл сайын 5 қаңтарына дейін; 4) химиялық өңдеулерді жүргізу туралы (ФУ-4) есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 5-іне дейін; 5) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық (ФУ-5) есепке алу субъектілері жыл сайын, 5 қаңтарға дейін;

Аталған талаптар орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық бұзушылық Кодексінің 403 бабына сәйкес жауапқа тартылады.

Р.БОКУШБАЕВ,
өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

•101 ескертеді

Бұлшық еттеріңіз суда тартылып қалғанда не істеу керек

Керемет жүзе білу-су айдындарында қауіпсіз демалудың КЕПІЛІ. Суға шомылу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек және аса сақ болу керек. Судағы құрысулар сияқты қиындықтардан ешкім иммунитетке ие емес. Судағы құрысулардың негізгі себебі-бұлшықеттердің дайындалмауы және кенеттен шамадан тыс жүктелуі, сондай-ақ судың төмен температурасы. Сондықтан күн шуақты, желсіз ауа-райында +20оС жоғары су температурасында шомылу жақсы. Суға түспес бұрын, дененің су температурасына үйренуі үшін жағаға су құю керек. Суда, егер сіз кенеттен қолыңызды немесе аяғыңызды қысып тұрғандай сезінсеңіз-Судан тез шығу үшін қолыңыздан келгеннің бәрін жасаңыз.

Егер сіз жағадан алыс болсаңыз және сізге көмексіз шығу қиын болса, келесідей әрекет етіңіз: Арқаңызға бұрылыңыз. Егер сіз бұған дейін арқаңызда жүзіп жүрсеңіз, онда кеудеге бұрылыңыз. Дене қалпын өзгерту маңызды; Егер сіз қолыңызда тартылу сезімін сезінсеңіз, қолыңызды жұдырығыңызға тез қысыңыз, содан кейін қолыңызды күрт сыртқа лақтырып, жұдырығыңызды ашыңыз. Мұны бірнеше рет жасаңыз; Егер балтыр бұлшықеті тартылса, аяғыңызды қолыңызбен бүгіп, орап көріңіз, содан кейін аяғыңызды өзіңізге қарай тартыңыз; Егер жамбас бұлшық еттері жиналса, аяғыңызды сыртқы жағынан білегіңіздің астынан ұстап көріңіз. Содан кейін аяғыңызды тізеңізге бүгіп, қолыңызды артқа қарай қатты тартыңыз. Осы әрекеттердің барлығын арқаңызбен суда жату ыңғайлы; Шомылу кезінде өзіңізбен бірге купальникке немесе балқымаларға бекітілген түйреуіш болуы керек. Ұстама кезінде зардап шеккен қолды немесе аяқты түйреуіш немесе басқа өткір затпен шаншу керек; Демалу және күш алу үшін дененің ең тиімді позициясы-арқадағы позиция; Егер сізде күш болмаса және құрысу өтпесе, жағадағы адамдардың назарын аударуға тырысыңыз.

Құрметті азаматтар! Есіңізде болсын, су қателіктерді кешірмейді. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз, өз өміріңізді және жақындарыңыздың өмірін сақтаңыз! Төтенше жағдай туындаған жағдайда құтқару қызметіне "101" және "112" телефондары бойынша қоңырау шалыңыз.

Сарқан ауданы ТЖБ.

Дала және орман өрттерінен сақ болайық

Өрт шығу қауіпі жоғарланған кезеңі келді. Қазіргі күні Орталық диспетчерлік байланыс пунктісіне дала өңірі және құрғақ шөптің өртенуі туралы хабарламалар түсуде. Өрт сөндірушілерге тыным жоқ. Бір өңірдегі өрт сөндіріліп жатса, басқа маңнан жаңа өрт қылаң береді. Барлық себеп күннің ыстығында болып тұр. Қазір өрт сөндіру бөлімдерінің жеке құрамы күшейтілген жұмыс режиміне көшірілген.

Қоршаған ортада туындаған өрттің себептері де әр түрлі. Оған ең бастысы адамның да кінәраты бар десек артық айтпаймыз. Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын сөндірмей кеткендерінен, жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан өрт шыққан оқиғалар көп. Бұның барлығы да адамзаттың табиғат-Анаға деген немқұрайды көзқарасынан туындайтындығы сөзсіз.

Қоршаған ортада орын алған өрттің зияны да ерекше. Біріншіден, ауа ластанса, келесі кезекте өрттің орманды-далалы аумақтарға түсу қауіпі артады, мал жайылымын, шабындықты құртады. Биолог ғалымдардың айтуынша, өртенген орманның қалпына келуі үшін кемінде 1 ғасыр уақыт керек.

Осы жайттар қазіргі күні Төтенше жағдайлар бөлімін алаңдатуда. Осыған орай көз жетімді жерлердің барлығы Сарқан ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерімен апта сайын орманды-далалы аумағын шарлауымен қадағаланып отыр. Барлық мақсат табиғат аясында шыққан жедел өртті анықтап, оны сөндіруге күштерді мерзімді жұмылдыруға арналған.

Құрметті аудан тұрғындары, Сарқан өңірі өзінің көрікті табиғатымен, жазиралы даласымен ерекшеленіп, көз тартады. Дала өрттерін болдырмауы үшін, әрқайсымыз қолдан келер өз үлестерімізді қосуымыз тиіс.

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі.

Көк отынның қауіптілігі

Сарқан ауданының ТЖБ қызметкерлері төтенше жағдайлардың алдын алуға, тұрмыстық газ құрылғыларын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан қаза болу мен жарақаттануға бағытталған іс-шараларын өткізеді.

Шаралар аясында халықпен және шаруашылық объектілерімен ауқымды үгіт-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жергілікті атқарушы органдармен жатақхана объектілері, газ баллонын пайдаланатын жеке мекемелер, сондай-ақ автогаз құю станциялары бойынша рейд ұйымдастырылды және өткізілді. Рейд барысында тұрмыстық газды қауіпсіз пайдалану ережелері туралы нұсқаулықтар жүргізілді; жанармай құю станцияларының қызметкерлерімен АГҚС-да тұрмыстық газ баллондарын толтыруға жол бермеу туралы нұсқаулықтар жүргізілді. Абоненттер газ баллондарын сатып алған кезде жаднамалар тарату арқылы халыққа баллон газын өткізетін ұйымдар арқылы жаднамалар тарату ұйымдастырылды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз: 2 қабаттан жоғары қабатты тұрғын үйлерде газ баллондарын пайдаланбаңыз; үй-жайларды өз бетімен газдандыруды, газ аспаптарын, баллондар мен тиек арматурасын ауыстыруды және жөндеуді жүргізбеңіз; жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қараусыз қалдырмаңыз; газдың ағып кетуін тексеру үшін ашық отты пайдаланбаңыз (осы мақсатта сабын ерітіндісін қолданыңыз); газ аспаптарын пайдалануға балаларды жібермеу және оларды қараусыз қалдырмау; газ жабдығын орнату кезінде жиһаз бен басқа жанғыш материалдардан келесі қашықтықты сақтаңыз: ең жақын тік бетке дейін көлденеңінен 0,2 м кем емес; тігінен 0,7 м-ден кем емес, оның үстіне ілінетін ең жақын көлденең бетке дейін; жылыту радиаторларынан, басқа да жылыту аспаптарынан және пештерден кемінде 1 м; ашық отты жылу көздерінен кемінде 5 м.

Жанармай құю станцияларында газ баллондарын толтырмаңыз!

ГАЗ АҒЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДА: газ беруді жабыңыз; терезелер мен есіктерді ашыңыз; сіріңке, оттықтар жақпаңыз, жарық пен электр құралдарын қоспаңыз;

Оқиға туралы 101 немесе 112 нөмірі бойынша дереу хабарлаңыз!!!

Ә.ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Сарқан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы "Сарқан ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" № 120 қаулысына 1-қосымша

Сарқан ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

1. Сарқан қалалық округі бойынша:

1) Сарқан қаласы, М. Тынышбаев көшесі, № 35б, Сарқан гуманитарлық колледжі ғимаратының жанындағы стенд;

2) Сарқан қаласы, Абай көшесі, № 65, Абай атындағы мектеп-гимназиясы ғимаратының жанындағы стенд;

3) Сарқан қаласы, Қалиев көшесі, № 34, Н. Островский атындағы мектеп-лицейі ғимаратының жанындағы стенд;

4) Сарқан қаласы, Қонаев және Урманов көшелерінің қиылысындағы стенд;

5) Сарқан қаласы, Урманов және Әуезов көшелерінің қиылысындағы стенд;

6) Сарқан қаласы, Бөгенбай-батыр және Д. Нұрпейісова көшелерінің қиылысындағы стенд;

7) Бірлік ауылы, Чепрасов көшесі, № 57, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

2. Алмалы ауылдық округі бойынша:

8) Алмалы ауылы, Абай көшесі, № 3, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

9) Абай ауылы, Абай көшесі, № 12 а, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

3. Аманбөктер ауылдық округі бойынша:

10) Аманбөктер ауылы, Ы. Алтынсарин көшесі, № 12, фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

4. Амангелді ауылдық округі бойынша:

11) Пограничник ауылы, Сәтбаев көшесі, № 10, орталық кітапхана ғимаратының жанындағы стенд;

12) Пограничник ауылы, Б. Момышұлы көшесі, № 1, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд;

13) Қарауылтөбе ауылы, Арын көшесі, № 30а, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

14) Көкөзек ауылы, Әуезов көшесі, № 1, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

5. Бақалы ауылдық округі бойынша:

15) Бақалы ауылы, М. Көбдіков көшесі, № 45, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд;

16) Тасқұдық ауылы, Тоған көшесі, № 35, фельдшерлік-акушерлік пункті ғимаратының жанындағы стенд;

6. Екіаша ауылдық округі бойынша:

17) Екіаша ауылы, Қ. Аманжолов көшесі, № 70а, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд;

18) Тополевка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 1, фельдшерлік-акушерлік пункті ғимаратының жанындағы стенд;

7. Қойлық ауылдық округі бойынша:

19) Қойлық ауылы, Б. Макетов көшесі, № 94а, "Айдана" бала бақшасы ғимаратының жанындағы стенд;

20) Қойлық ауылы, Б. Макетов көшесі, № 45, К. Қазыбаев мәдениет үйі ғимаратының жанындағы стенд;

21) Қойлық ауылы, І. Жансүгіров көшесі, № 10, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

8. Қарабөгет ауылдық округі бойынша:

22) Қарабөгет ауылы, Арын көшесі, № 23, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд;

23) Қарабөгет ауылы, Абайділданов көшесі, № 32, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

24) Еркін ауылы, Д. Қонаев көшесі, № 4, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

9. Көктерек ауылдық округі бойынша:

25) Көктерек ауылы, Арын көшесі, № 12, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

10. Қарашыған ауылдық округі бойынша:

26) М. Төлебаев ауылы, М. Төлебаев көшесі, № 15а, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

27) М. Төлебаев ауылы, Жеңіс көшесі, № 1а, ауылдық дәрігерік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд;

28) Үлгі ауылы, Байғамытов көшесі, № 12а, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

29) Шұбартүбек ауылы, Жетісу көшесі, № 6, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

11. Лепсі ауылдық округі бойынша:

30) Лепсі ауылы, Айша Бибі көшесі, № 3, ауылдық ауруханасы ғимаратының жанындағы стенд;

31) Лепсі ауылы, М. Төлебаев көшесі, № 21, мәдениет үйі ғимаратының жанындағы стенд;

32) Көкжиде ауылы, Төлебай-батыр көшесі, № 2, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

12.Черкасск ауылдық округі бойынша:

33) Черкасск ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 100, ауылдық дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының жанындағы стенд;

34) Қарғалы ауылы, Әбілқайырхан көшесі, № 2, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

35) Петропавловка ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 97, фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

36) Аққайың ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 54, медициналық пункт ғимаратының жанындағы стенд;

13. Шатырбай ауылдық округі бойынша:

37) Шатырбай ауылы, Абылайхан көшесі, № 6, фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратының жанындағы стенд;

38) Шатырбай ауылы, Нұғманов көшесі, № 31, почта бөлімшесі ғимаратының жанындағы стенд;

Сарқан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы "Сарқан ауданында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар беру туралы" № 120 қаулысына 2-қосымша

Сарқан ауданында сайлаушылармен кездесуі үшін шарт негізінде кандидаттарға берілетін үй-жайлар

1. Сарқан қалалық округі бойынша:

1) Сарқан қаласы, Чепрасов көшесі, № 18, мәдениет үйінің акті залы;

2) Сарқан қаласы, М. Тынышбаев көшесі, № 35б, Сарқан гуманитарлық колледжінің акті залы;

3) Бірлік ауылы, Чепрасов көшесі, № 3, Бірлік негізгі орта мектебінің акті залы;

2. Алмалы ауылдық округі бойынша:

4) Алмалы ауылы, Әбішов көшесі, № 3, Новопокровка орта мектебінің акті залы;

5) Абай ауылы, Абай көшесі, № 38, Тасарық орта мектебінің акті залы;

3. Аманбөктер ауылдық округі бойынша:

6) Аманбөктер ауылы, Смағұл көшесі, № 6, Аманбөктер орта мектебінің акті залы;

4. Амангелді ауылдық округі бойынша:

7) Пограничник ауылы, Сәтбаев көшесі, № 8, Пограничник орта мектебінің акті залы

8) Қарауылтөбе ауылы, Бейбітшілік көшесі, № 8, Қарауылтөбе орта мектебінің акті залы;

9) Көкөзек ауылы, Фестивальная көшесі, № 5, Көкөзек орта мектебінің акті залы;

5. Бақалы ауылдық округі бойынша:

10) Бақалы ауылы, Көбдіков көшесі, № 44, К. Қазыбаев атындағы орта мектебінің акті залы;

11) К. Қазыбаев ауылы, Жаңақұрылыс көшесі, № 1, Ағарту орта мектебінің акті залы;

12) Тасқұдық ауылы, Киров көшесі, № 1, Тасқұдық бастауыш мектебінің акті залы;

6. Екіаша ауылдық округі бойынша:

13) Екіаша ауылы, Қ. Аманжолов көшесі, № 80, мәдениет үйінің акті залы;

14) Тополевка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 20, Тополевка орта мектебінің акті залы;

7. Қойлық ауылдық округі бойынша:

15) Қойлық ауылы, Макетов көшесі, № 45, К. Қазыбаев атындағы мәдениет үйінің акті залы ;

8. Қарабөгет ауылдық округі бойынша:

16) Қарабөгет ауылы, Абайділданов көшесі, № 16, Әль-Фараби атындағы орта мектебінің акті залы;

17) Еркін ауылы, І. Жансугіров көшесі, № 13, Еркін бастауыш мектебінің акті залы;

9. Көктерек ауылдық округі бойынша:

18) Көктерек ауылы, Арын көшесі, № Мәметова атындағы орта мектебінің акті залы;

10. Қарашыған ауылдық округі бойынша:

19) М. Төлебаев ауылы, М. Төлебаев көшесі, № 15а, М. Төлебаев атындағы мәдениет үйінің акті залы;

11. Лепсі ауылдық округі бойынша:

20) Лепсі ауылы, М. Төлебаев көшесі, № 8, мәдениет үйінің акті залы;

21) Көкжиде ауылы, Төлебай батыр көшесі, № 18, Ерікті орта мектебінің акті залы;

12. Черкасск ауылдық округі бойынша:

22) Черкасск ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 16, Черкасск орта мектебінің акті залы;

23) Аққайың ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 25, Ленин бастауыш мектебінің акті залы;

24) Қарғалы ауылы, М. Тынышбаев көшесі, № 16, Қарғалы орта мектебінің акті залы;

25) Петропавловка ауылы, А. Құнанбаев көшесі, № 1, Петропавловск орта мектебінің акті залы;

13. Шатырбай ауылдық округі бойынша:

26) Шатырбай ауылы, Нұғыманов көшесі, № 30, мәдениет үйінің акті залы;

Ветеринария саласы қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

Сарқан аудандық әкімдігінің ғимаратында ветеринария қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Мерекелік жиында аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбайұлы Есжанов ветеринария саласының қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, сала мамандарының ауданның ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мал шаруашылығын дамыту және эпизоотиялық тұрақтылықты сақтаудағы еңбегіне жоғары баға берді.

Бүгінде Сарқан ауданында 13 ветеринариялық пунктте 100-ден астам маман қызмет атқарады. Аудан аумағында 245 мыңнан астам ауыл шаруашылығы жануары тіркелген. Жыл сайын ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүздеген мың профилактикалық екпе салынып, диагностикалық зерттеулер жүргізілуде. Сонымен қатар, соңғы жылдары ауданда 7 жаңа ветеринариялық пункт пайдалануға беріліп, саланың материалдық-техникалық базасы кезең-кезеңімен нығайтылып келе жатқаны осы жиында мәлімделді.

Іс-шара барысында ветеринария саласының дамуына қосқан үлесі мен адал еңбегі үшін бірқатар қызметкерлер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясының Құрмет грамотасымен, Сарқан ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Өз тілшіміз.

ЕСКЕ АЛУ

Осыдан бір жыл бұрын Сарқан ауданының Құрметті азаматы **Кеңес Базыкенұлы Сердалинов** өмірден өткен-ді. Адам қайтыс болған күні емес, ұмытылған күні өледі. Кеңес ағамыздың есімі оны білетін адамдардың көкейінде, ол ұмытылған жоқ.

1952 жылы 12 желтоқсанда Лепсіде дүние есігін ашып, Лепсідегі теміржол мектебін бітіріп, еңбек жолын Лепсі мұнай базасынан бастаған Кеңес Базыкенұлының бүкіл ғұмыры туған жерімен тығыз байланысты. Мектептен соң қарапайым оператордан басталған еңбек жолы арнайы оқу арқылы биіктеп, Лепсі мұнай базасының инженері болды. Сегіз жылдай Бөрлітөбе аудандық ДОСААФ комитетін басқарды. 1986 жылы өзіне етене мұнай базасына инженер болып қайта оралған оның іскерлігін, ұйымдастырушылығын бағалаған басшылық Лепсі мұнай базасының директорлығына тағайындады.

Кеңес Базыкенұлы 1998-2014 жылдар аралығында Лепсі ауылдық округінің әкімі болып өзі ертеден жақсы білетін жерлестерінің мұң-мұқтажын бөлісіп, елді мекеннің еңсесін көтеруіне білек сыбана атсалысты. Ағамыздың артында мұрагерлері бар.

Еске алу асында әріптестері, замандастары айтатын естеліктер таусылмайды. Ағамыздың жаны жәннатта, тәні рахатта болғай!

Еске алушылар: ауылдастары.

Бүгін жүрегімізге жақын, ардақты әкеміз **Ахмет Бақабайұлы** мен аяулы анамыз **Уарихан Ыдырышбайқызын** сағынышпен еске аламыз.

Арада отыз жылдан аса уақыт өтсе де жанымызға жақын асыл жандардың жарқын жүздері, мейірімді мінездері, ақыл-кеңестері мен қамқорлықтары әрдайым жадымызда. Олар қалдырған ізгілік пен адамгершілік өнегесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Жандары жәннатта болып, жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын. Алла Тағала рақымына бөлеп, кеңшілігіне алсын. Артында қалған ұрпақтарына амандық, сабыр мен береке тілейміз.

Рухтарыңыз шат болсын.
Өмір – көш, өткінші екен бәрімізге,
Қалды мәңгі сағыныш жүрегімізде.
Жақсы жандар, жарқын бейнең өшпейді еш,
Жүресіңдер әрдайым көңілімізде.
Уақыт өтсе де, мұң басылар емес,
Естелік боп жүректе қалған елес.
Жандарың жәннаттан орын тапсын,
Рухтарың шат болсын мәңгі емес.

Сағынышпен еске алушылар: Әукен әулеті.

Сен туған күн, мерекеңмен!

Сарқан қаласының тұрғыны, № 3 облыстық мектеп-интернатының ұстазы **Шынар Асылбекқызы Ахметованы** туған күнімен құттықтаймын! Ардақты әріптесіме зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық, еңбегіне толағай табыс тілеймін. Әр күнің қуанышқа, әр бастаған ісің сәттілікке толы болсын. Арман-мақсаттарың орындалып, өмірің шаттық пен берекеге кенеле берсін!

Ақ тілектің ақтаратын гүл-гүлін,
Асылбекқызы Шынарды құттықтайтын күн бүгін.
Туған күнің құтты болсын Шынар деп,
Шын жүректен шаттық тілеп тұрмын бүгін.
Өмір жасың ұзақ болып жүр аман,
Өз ісіңнің шеберісің сен маман.
Ел алдында бағаланып еңбегің,
Ұлағатты ұстаз болып жүр аман.
Биік болсын жылдан-жылға беделің,
Жанұяңда жақсылық боп қуанышқа кенелгін.
Еңбегіңнің жемісін жеп қуанып,
Бейнетіңнің зейнетіне кенелгін!

Ізгі тілекпен: Тоқтыбаян Көшембайұлы Қозыбеков.

Еңбегіңіздің жемісін көріңіз

Құрметті логопед маманы Роза апай, Сізге баламмен өткізген әр сабақ үшін ерекше алғыс айтқым келеді!

Мен Айдана Балтабай балам Серік Мирасты логопед маманына сөйлеу тілінің кешеуілдеуіне байланысты сабаққа апарып, жақсы нәтижемен қысқа уақытта сабақты аяқтадық.

Ерекше методикасының арқасында балам қате дыбыстарын тез түзетіп, бірнеше сабақтан кейін сөйлеу мәнері айтарлықтай жақсарды.

Сөйлеуі кеш шығып, өз қалауын түсіндіре алмайтын әр бала ашуланшақ болатыны анық, менің де балам сондай еді. Ауладағы балалармен де араласып кетуі қиын еді. Сабақ барысында баламен дұрыс жұмыс жасап әр дыбысын анық шығарып беруіңіздің арқасында қазір балам керегін сұрап тіпті балалармен өзі бірінші барып танысып ойнап кететін болды.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке, шығармашылық шабыт және кәсіби қызметіңізге толағай табыс тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, әрдайым шәкірттеріңіздің жетістігіне қуана беріңіз!

Ізгі тілекпен, ата-ана Айдана Балтабай.

Өтінішімізге бей-жай қарамады

Ағымдағы жылдың 10 шілдесінде аудандық зағиптар қоғамы аудан әкімінің орынбасары А. Байгунысовқа жолығып, Черкасск ауылдық округінде орналасқан «Теректі» өзеніне баруға көлікпен қамтамасыз етуін сұрадық. Біздің өтінішімізге құлақ асқан Алмас Ажарханұлы 11 шілде күні зағиптар қоғамының мүшелері 12 адам және аудандық төтенше жағдайлар бөлімінен Амангелді деген маманды, Жанұя мекемесінен Дәурен деген заңгерді бізге қосып көлікпен қамтамасыз етіп берді. Сол күні өзен жағасында әріптестермен жақсы демалып, жақсы көңіл күймен қайттық.

Осыған байланысты уақытының тығыздығына қарамай өтінішімізге құлақ асып, жағдай жасап берген аудан әкімінің орынбасары А. Байгунысовқа және бізбен барған мамандарға алғысымыз шексіз.

Б. БЕКСАПАРОВА,
аудандық зағиптар қоғамының өкілі.

SARQAN
Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы
Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
igiman01@mail.ru

Таралымы: 3009
Осы шығарылымның таралымы: 3009
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.